



М.Әуезов атындағы ОҚМУ
Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру институты
« Жаратылыстану ғылымдары және педагогикасы»
жоғары мектебі
«МАТЕМАТИКА» кафедрасы

Магистрлік диссертация тақырыбым:

«10-11 сыныптарда математиканы оқыту үдерісінде
бақылау және бағалаудың өлшемдік технологиясын
жетілдіру жолдары»

Магистрант: Әлшериев Б.С
Ғылыми жетекшісі: Мадияров Н.К

Өлшемді бағалау – бұл білім берудің мақсаты мен мазмұнына негізделген оқушының оқу-танымдық құзырлығын қалыптастыруда алдын-ала белгіленген жетістіктермен салыстыру үрдісі, яғни белгілі бір критерийлер арқылы бағалау. Өлшемді бағалауды енгізудің мақсаты – мектепте оқыту сапасын көтеру. Бұл жағдайда өзін-өзі бағалауға баса назар аударылады. Критерий арқылы бағалау мұғалімдерге сапалы нәтиже алуды қамтамасыз ететін критерийлерді құруға; өз жұмысын талдау және жоспарлау үшін ақпарат алуға; оқу үрдісінің сапасын жақсартуға; әрбір оқушының жеке ерекшеліктері көп ескеріле бермейді міне осыдан өлшемді бағалауда қарама қайшылық туындайды. Осы қайшылықтың шешімін табу бізге зерттеу мәселесін айқындап, тақырыпты «10-11 сыныптарда математиканы оқыту үдерісінде бақылау және бағалаудың өлшемдік технологиясын жетілдіру жолдары» деп таңдауымызға негіз болды.

Зерттеу нысаны

Жаратылыстану
математика
бағытындағы 10-11
сыныптарда алгебра
және анализ
бастамалары курсы
оқыту үдерісі

Зерттеу пәні

Оқыту үдерісінде жаратылыстану математика бағытындағы 10-11 сыныптарда алгебра және анализ бастамалары курсына оқушылардың математикалық қабілеттерін дамыту және әрбір оқушының жеке ерекшеліктерін зерттеу.
Жаратылыстану математика бағытындағы 10-11 сыныптарда алгебра және анализ бастамалары курсына есептің шығарылу жолдарын оқыту үдерісі.

Зерттеу мақсаты: Жаратылыстану математика бағытындағы 10-11 сыныптарда алгебра және анализ бастамалары сабақтарында білімді бақылау және өлшемді бағалау технологиясын жаңартылған білім мазмұны бойынша жетілдіру және оқу үдерісінде пайдалану.

Зерттеудің міндеттері

Оқу үрдісінде бақылау және өлшемді бағалаудың психологиялық-педагогикалық аспектілері. Жаратылыстану математика бағытындағы 10-11 сыныптарда алгебра және анализ бастамалары сабақтарына қатысты тақырыптар бойынша бағдарлама мазмұнына салыстырмалы әдістемелік талдау;

Мектепте жаратылыстану математика бағытындағы 10-11 сыныптарда алгебра және анализ бастамалары курсы оқытудың жаңа мазмұнына сәйкес ұзақ мерзімді, орта мерзімді және қысқа мерзімді жоспарлар жасаудың әдістемелік негіздерін анықтау

Жаратылыстану математика бағытындағы 10-11 сыныптарда алгебра және анализ бастамалары курсы бойынша бақылау және бағалаудың өлшемдік технологиясының дербес әдістемесін ұсыну

Жаратылыстану математика бағытындағы 10-11 сыныптарда алгебра және анализ бастамалары курсы оқыту тақырыптары бойынша өлшемді бағалау дискрипторларын даярлау

- *Егер* Жаратылыстану математика бағытындағы 10-11 сыныптарда алгебра және анализ бастамалары сабақтарында оқушылардың жеке ерекшеліктері ескеріліп, жаңартылған мазмұнда оқытуға терең әдістемелік талдау жасалып, білімдерін критериальді бағалауға қатысты тиімді әдістер жүзеге асырылса, *онда* оқушылар Жаратылыстану математика бағытындағы 10-11 сыныптарда алгебра және анализ бастамалары курсының теориялық негіздерін терең түсініп, білімдерін практикада қолдану дағдылары артады.

- Бағалаудың өлшемдік технологияларын қолдану жағдайларындағы оқушының оқу-танымдық іс-әрекеттерін ұйымдастырудың тиімді әдістері, оқу процесінде ақпараттық-қатынастық технологияларды қолдану жөніндегі зерттеулер, білімді ақпараттандыру тұжырымдамасы, бағалаудың өлшемдік технологияларын жасаудағы және қолданудағы жетістіктер.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы:

Мектептегі математика курсы бойынша есептер, тапсырмалар мен олардың орындалуын бағалаудың өлшемдік технологияларының дидактикалық мүмкіндіктері айқындалды

Негізгі мектепте математиканы оқытуда бағалаудың өлшемдік технологияларын қолданудың қажетті шарттары анықталды

Есептер, интерактивті тапсырмалар мен олардың орындалуын бағалаудың критерийлік технологияларын негізгі мектепте математикада қолдану әдістемесі жасалды және оларды оқушылардың сыныптағы және өз бетінше орындайтын жұмыстарына қолдану шарттары айқындалып, олардың тиімділігі тексерілді

Дисертацияның

Мазмұны

Кіріспе.....	3
I Оқу үрдісінде бақылау және өлшемді бағалаудың психологиялық-педагогикалық негіздері.....	6
1.1 Педагогикадағы технологияның тұжырымдамасы және математиканы оқыту әдістемесі.....	6
1.2 Бақылау проблемасының психологиялық-педагогикалық негіздері.....	13
1.3 Оқушылардың жетістіктерін бағалаудың халықаралық модельдері және оларды біздің орта мектептерде енгізу тәжірибесі.....	27
1.4 «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДБҰҰ мысалында өлшемді бағалау жүйесін енгізудегі отандық тәжірибе.....	31
II Жаратылыстану математика бағытындағы 10-11 сыныптарда алгебра және анализ бастамалары курсы оқыту үдерісінде бақылау және бағалаудың өлшемдік технологиясын жетілдіру жолдары.....	34
2.1 Бағалау жүйесі мен оқыту мәселелері диагностикасы.....	34
2.2 Жаратылыстану математика бағытындағы 10-11 сыныптарда алгебра және анализ бастамалары курсы оқытуда оқушылар білімін өлшемді бағалау.....	37
2.3 Жаратылыстану математика бағытындағы 10-11 сыныптарда алгебра және анализ бастамалары сабақтарында білімді бақылау және өлшемді бағалаудың өлшемдік технологиясы.....	43
Қорытынды.....	75
Әдебиет.....	77

Дисертациялық жұмыстың құрылымы: дисертациялық жұмыс кіріспеден, кестелер мен суреттер қамтылған екі бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.

Кіріспеде зерттеу тақырыбының көкейкестілігі мен маңыздылығы негізделген, зерттеу жұмысының мақсаты, оның нысаны мен пәні, болжамы мен міндеттері анықталып, маңыздылығы, зерттеу нәтижелерінің дәлелдігі мен негізділігі баяндалған.

«Оқу үрдісінде бақылау және өлшемді бағалаудың психологиялық-педагогикалық негіздері» деп аталатын бірінші бөлімде оқушылардың оқу жетістіктерін өлшемдік бағалауды пайдаланудың теориясы мен практикасы талданды, оқытуда қолданылатын бағалаудың өлшемдік жүйелерінің рөлі баяндалды және оның негізгі компоненттері ашып көрсетілді.

«Жаратылыстану математика бағытындағы 10-11 сыныптарда алгебра және анализ бастамалары курсының оқыту үдерісінде бақылау және бағалаудың өлшемдік технологиясын жетілдіру жолдары» деп аталатын екінші бөлімде бағалаудың өлшемдік технологияларын оқыту құралы ретінде қолдану мүмкіндіктері мен ерекшеліктері қарастырылған, негізгі мектептің математика курсына негізгі мазмұндық-әдістемені оқып-үйренуде бағалаудың критерияларды жүйесін қолданудың негізгі тенденциялары қарастырылған; оқытудың кезеңдерінде: жаңа білімдерді түсіндіргенде, оқып-үйренген материалды бекіткенде және оқушылардың білімін бағалағанда компьютерлік және дәстүрлі оқытудың салыстырмалы талдауы жүргізілді.

Қорытындыда зерттеудің ұсыныстары мен негізгі қорытындылары тұжырымдалған, проблеманы ары қарай зерттеудің перспективалары анықталған.

Қорыта айтқанда

Қазіргі дәуірде оқушылардың білімділігін өлшеу технологиясы мен мәдениеттілігін мөлшерлеу әдістерін анықтау педагогикада дамып келеді. Оқушыға бір білімді беру және ол оқушының сол білімді меңгеруін (қысқаша айтқанда, оқушының танымдық іс-әрекеттерін қалыптастыру) анықтау технологиялары зерттелуде. Ол өлшем әртүрлі пәнде әртүрлі болып тұр. Мысалы, оқушыға бес тәсілмен шешілетін бір есеп (шешу эталоны p , 5 ке тең) беру арқылы, оның үлгерімділік коэффициенті былай анықталады: ($K = a/p$, бұл коэффициент $0,7$ ден үлкен болса, келесі сатыға көшуге рұхсат беріледі).

1. Егер оқушы берілген есептің 3 тәсілін ($a=3$ болады) таба алса, онда оның үлгерім коэффициенті $K=3:5=0,6$ болады. Бұл жағдайда оқушыға келесі сатыға көшуге рұхсат (допуск) берілмейді. Ол тақырыпты басынан қайталауы керек.

2. Егер берілген есептің 4 тәсілін таба алса, онда үлгерім коэффициентті $4:5=0,8$ болады да, ол оқушы келесі есептерді шешуге рұхсат алады. Яғни, тақырыпты меңгерген болып табылады. Есеп орнына тапсырмалар, өзіндік жұмыстар, тесттер, әртүрлі сұрақтар т.с.с. берілуі мүмкін. Белгілі бір тақырыпты меңгеруді де осылай бағалауға болады. K қойылатын баллды көрсетеді.

Мұғалім мен білім алушылардың өзара әрекеттесуі үзілмей, оған қоса, оларды көтермелеумен қолдау тауып отырады. Бағалау үздіксіз жүреді, сапалы нәтижеге қозғалыс үрдісінің өзі бағаланады. Білім алушылар өзінің біліміндегі ақаулықтарын өз бетінше және саналы анықтап, мұғаліммен бірге оларды жою бойынша жұмыс жүргізеді. Мұғалім мен білім алушының осындай өзара әрекеттерінің үлкен құндылығы олардың білім беру үрдісінде белсенді әрекеттесуінде, қажет кезінде бір-бірінің пікірлеріне сыйластықпен қарап, ауысуында түйін тауып отыр.

Әрбір үйренушінің сабақта жұмыс жасағандығын анықтау - мұғалім үшін өте күрделі мәселе. Мұнда басты сұрақ оқушының оқу процесінде қалайша жұмыс жасап, оқу мазмұнын қандай дәрежеде игергендігімен байланысты болады. Сол себепті де оқушылар өздерінің қалайша дамығандарын білуі үшін оларға өзін-өзі бағалау жұмысын тапсырған орынды. Мұндай үлгілерде оқушылар өз жұмыстарын атқарған әрекеттері арқылы бағалайды.

Назарларыңызға

рахмет!

ҒАҒИМЕТ!